

Мөрдін
орны

Қорытынды аттестаттау емтихан материалдары
Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті (оқыту қазақ тілінде емес)
Бағыты: Оқу жүктемесі төмендетілген
Білім беру ұйымының атауы: _____
Сынып: 9 Литер: ____
Білім алушылардың аты жөні: _____

**Жалпы білім беретін мектептерге (арнайы) арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
1-нұсқа**

1-тапсырма. Төменде берілген мәтінді мұқият оқыңыз.

Жаһандану және ЭКСПО

Жаһандану- барлық жерде жүріп жатқан үрдіс. Ол-бәсеке. Бәсеке болған жерде даму болады. Жаһандануда бәсекеге қабілетті ел ғана жеңе алады.

Жаһандану дегеніміз-бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. «Жаһандану» сөзі ағылшын тіліндегі «globalization» сөзінен аударғанда, «ғаламдық» деген мағынаны білдіреді. «Жаһандану» деген термин ХХ ғасырдың 80 жылдарынан бастап қолданысқа енген. Жаһанданудың пайдасы: экономиканың, ғылым мен техниканың дамуына жол ашылды, халықаралық ынтымақтастық кеңейді. Басқа елдермен сауда- саттық дамыды. Ғылымда жаңалық көптеп ашыла бастады.

Қазақстан жаһандану кезеңінде үлкен бастамаларды жүзеге асырып отыр. Оның басты дәлелінің бірі-Елордамызда өткен Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі. ЕХРО-2017 көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбы ең үздік әлемдік энергия сақтау технологиясын, күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді бүгінде бар баламалы энергия көздерін пайдалануда жаңа әзірлемелер мен технологияны пайдалануға мүмкіндік берді. Көрме елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғырту және экономиканы жүйелі әртараптандыру үшін қуатты серпін берді. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасады. Көрме елорданың көрмелер объектілері құрылысы мен инфрақұрылымына едәуір жеке меншік инвестицияны тартуға мүмкіндік туғызады. ЕХРО бүкіләлемдік бірегей көрмесі – маңызы жағынан дүниежүзілік экономикалық форумдармен, ал туристік тартымдылығы бойынша ең танымал әлемдік деңгейдегі спорттық жарыстармен салыстыруға тұрарлық жаһандық ауқымдағы оқиға. 1851жылы Лондонда өткен бірінші бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған ЕХРО халықаралық көрмесі әр жыл сайын зор танымалдыққа ие болып, барлық қатысушыларға әлемнің экономикалық, технологиялық және мәдени жетістіктерімен танысуға тамаша мүмкіндіктер беріп келеді. Көрме сондай-ақ инновациялық идеялар алмасу және болашаққа қатысты ұжымдық көзқарас мүмкіндіктерін сенімді көрсету үшін ерекше алаң болып табылады. ЕХРО көрмесін миллиондаған туристер тамашалайды, сондықтан әрбір ел өз мәдениетіндегі ұлттық өзіндік ерекшеліктерін танытатын және өздерінің экономикалық, технологиялық дамуының деңгейін бүкіл әлемге көрсететін бірегей павильон құруға ұмтылады. Қазақстандағы көрменің негізгі символы «Нұр Әлемі» шары болып табылады. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып табылады және ЕХРО көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді. (300 сөз)

1-тапсырма. Мәтіннен мына сөздердің сәйкес мағыналарын табыңыз.

Алғашқы – _____ [1]

Белгілі– _____ [1]

Қолдану – _____ [1]

Келешек – _____ [1]

Зор – _____ [1]

Барлығы: [5 балл]

2-тапсырма. Төменде берілген әр сөйлемді өз сөзіңізбен қайта жазыңыз. Сөйлемдерді берілген сөздермен бастаңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына қосымша 5 балл беріледі.

Мысалы: Жаһандануда бәсекеге қабілетті ел ғана жеңе алады.

Бәсекеге қабілетті _____ [1]

Жауабы: Бәсекеге қабілетті мемлекет қана жаһандануда жеңіске жете алады.

1.«Жаһандану» деген термин XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап қолданысқа енген. XX ғасырдың _____

_____ [1]

2. Қазақстан жаһандану кезеңінде үлкен бастамаларды жүзеге асырып отыр.

Үлкен бастамаларды _____

_____ [1]

3.Оның басты дәлелінің бірі- Елордамызда өткен Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі.

Елордамызда өткен _____

_____ [1]

4. Көрме елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғыртуға қуатты серпін берді.

Елдің өндірістік _____

_____ [1]

5. Мұндай ауқымды іс-шараны өткізу шағын және орта бизнестің дамуына жағдай жасады.

Шағын және орта _____ -

_____ [1]

6. EXPO көрмесін миллиондаған туристер тамашалайды.

Миллиондаған туристер _____

[1]

7. Қазақстандағы көрменің негізгі символы «Нұр Әлемі» шары болып табылады.
«Нұр Әлемі» шары _____

[1]

8. Қазақстан 1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып табылады.

Халықаралық көрмелер _____

[1]

9. Қазақстан EXPO көрмелеріне 2005 жылдан бастап қатысып келеді.
2005 жылдан бастап _____

[1]

10. 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен EXPO халықаралық көрмесі бастау алған.
EXPO халықаралық көрмесі _____

[1]

Барлығы: [10+5=15 балл]

3-тапсырма. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңіз. Мүмкіндігінше, өз сөзіңізбен жауап беруге тырысыңыз.

Әр сұрақтың балы жақшада берілген. Тіл сапасына 5 балл беріледі.

1. EXPO көрмесі қандай мүмкіндіктер береді?

[1]

2. EXPO-2017 көрмесіне дейінгі маңызды 2 жылды атаңыз және маңызды оқиғаны көрсетіңіз.

1. _____ [1]

2. _____ [1]

3. Баламалы 2 жасыл энергия көзін анықтаңыз.

1. _____ [1]

2. _____ [1]

Барлығы: [5+5=10 балл]

**Жалпы білім беретін мектептерге (арнайы) арналған
қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша қорытынды аттестаттау
9-сынып
1-нұсқа**

Нақты балл қою кестесі

Тапсырма	Сұрақ	Жауабы	Балл	Қосымша ақпарат
1	1	бірінші	1	Ұсынылған сөздерге балама сөздер дұрыс жауапқа қабылданбайды. Сөздерде жіберілген орфографиялық қателер үшін балл саны шегерілмейді.
	2	танымал	1	
	3	пайдалану	1	
	4	болашақ	1	
	5	үлкен	1	
2	1	XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап «Жаһандану» термині пайдаланыла бастады.	1	Білім алушы сөздердің орнын ықтимал жауаптардан бөлек өзгерте алады, бастысы ой мен сөйлем құрылымы сақталуы қажет. Жауаптардың ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет
	2	Үлкен бастамаларды Қазақстан іске асырып жатыр.	1	
	3	Елордамызда өткен Халықаралық ЭКСПО-2017 көрмесі - оның басты дәлелінің бірі.	1	
	4	Елдің өндірістік қуаты мен ғылыми базасын технологиялық жаңғыртуға көрме қуатты серпін берді.	1	
	5	Шағын және орта бизнестің дамуына ауқымды іс-шараны өткізуге жағдай жасады.	1	
	6	Миллиондаған туристер ЕХРО көрмесін тамашалайды.	1	
	7	«Нұр Әлемі» шары - Қазақстандағы көрменің негізгі символы болып табылады.	1	
	8	Халықаралық көрмелер бюросына Қазақстан 1997	1	

		жылдан бастап мүше ел болып табылады.		
	9	2005 жылдан бастап Қазақстан ЕХРО көрмелеріне қатысып келеді.	1	
	10	ЕХРО халықаралық көрмесі - 1851 жылы Лондонда өткен бірінші Бүкіләлемдік өнеркәсіп көрмесінен бастау алған.	1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
3	1	Күн, жел, теңіз, мұхит және термалды су тәрізді баламалы энергия көздерін жаңа технологиялар арқылы пайдалануға мүмкіндік береді.	1	Білім алушының мәтін ақпаратын қолданып өз сөзімен жазған жауаптары қабылданады. Бірақ жауаптар ұсынылған жауаптарға жуық болуын ескеру қажет.
	2	1.1997 жылдан бастап Халықаралық көрмелер бюросына мүше ел болып табылады. 2.2005 жылдан бастап ЕХРО көрмелеріне қатысып келеді.	1 1	
	3	1. Күн 2. Жел	1 1	
<i>Тіл сапасы үшін қосымша бес балл беріледі</i>			5	
Барлығы			30	